

Орталық алаңға атау беру және көшелерді қайта атау туралы

Қызылорда облысы Сырдария ауданы Шіркейлі ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 2 наурыздағы № 5 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 5 сәуірде № 5778 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына және Қызылорда облыстық ономастика комиссиясының 2016 жылғы 21 қыркүйектегі № 3 қорытындысына сәйкес, Шіркейлі ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Сырдария ауданы Шіркейлі ауылдық округі Шіркейлі ауылының орталық алаңына "Жаңабай Азаматов" есімі берілсін.

2. Сырдария ауданы Шіркейлі ауылдық округі Шіркейлі ауылының мына көшелері:

1) "Бесөзек" көшесі "Балдырған Мұстапаева" есімімен;

2) "Кеңес №1" көшесі "Жақып Ыдырысов" есімімен;

3) "Кеңес №2" көшесі "Бекей Жақыпов" есімімен қайта аталсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округі әкімінің
міндетін атқарушы*

Р. Мамадиярова